

МРНТИ 14.35.01

10.51889/1728-7804.2023.14.1.003

А.Ә. Курманбаева<sup>1</sup>, Қ.З. Жаппар,<sup>1</sup>  
Л. Алдабергенқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Туран университеті, Алматы, Қазақстан

## ҚОҒАМДАҒЫ МӘДЕНИ ЖАҢАРУЛАР МЕН КІТАП МӘДЕНИЕТІН ІЗГІЛЕНДІРУ

### Аңдатпа

Бұл жұмыс мәдени кеңістіктегі кітаптың мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда ғылыми тұрғыдан алғанда кітаптың мәдениет тарихындағы қалыптасуы мен дамуындағы мәдени философиялық сипат айтылады.

Авторлар шетел және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, кітап шығарудың пайда болуы мен дамуы сонау ерте замандардан бастау алатынын дәлелдейді.

Қазақ кітап шығару мәдениетін көтеруге бағытталған бұл жұмыстың басты мақсаты – ұлттық рух пен патриотизмді көтеруге лайықты үлес қосу, тәуелсіз Республикамыздың мәдени-әлеуметтік салалардағы жетістіктерін шынайы түрде насихаттау, кітап шығару мәдениетін көтеру. кітаптану мәдениеті.

Қазақ кітап мәдениеті, сайып келгенде, ұлт мәдениеті, осы мәдениетті сақтаушы, ұлттық менталитет қалыптастырушы, адамдық қадір-қасиет пен оның өмір сүруінің әлеуметтік негізі. Ол халықты авторлардың шығармаларымен таныстырады, әрбір адамды ұлттық өзіндік сана рухында тәрбиелейді, мәдениеттану негіздерін жасайды, мәдениеттің дамуын әлемдік өркениетке бағыттайды.

**Кілт сөздер:** кітап мәдениеті, кітап философиясы, кітап мазмұны, ұлттық рух, ұлттық құндылық, шеберлік, кәсіпкерлік.

Курманбаева А.А.<sup>1</sup>, Жаппар Қ.З.<sup>1</sup>,  
Алдабергенқызы Л.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Университет Туран, Алматы, Казахстан

## ПРОЦЕСС КУЛЬТУРНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ В ОБЩЕСТВЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ КУЛЬТУРЫ ЧТЕНИЯ

### Аннотация

Данная работа даёт возможность определить значение книги в культурном пространстве. Изучается становление и развитие книги в истории культуры с точки зрения философии, культурологии.

Опираясь на научные труды зарубежных и казахстанских ученых, авторы доказывают, что появление и развитие книгоиздательства имеет древние истоки. Наряду с этим история книгоиздания рассматривается как часть истории культуры.

Основная цель исследования – популяризация культуры казахского книгоиздания, поддержка национального духа и патриотизма, пропаганда достижений нашей независимой Республики в культурной и социальной отраслях, развитие культуры книгочтения.

Культура чтения – это база для становления культуры нации; хранителем данной культуры, создателем национального менталитета в целом является книга. Само чтение знакомит с произведениями авторов, воспитывает каждого читателя в духе национального самосознания, создает связи с мировой цивилизацией.

**Ключевые слова:** культура чтения, книжная философия, культ чтения, национальный дух, национальная ценность, мастерство, предпринимательство.

## CULTURAL MODERNISATIONS IN SOCIETY AND HUMANISATION OF BOOK CULTURE

*Kurmanbayeva A.,<sup>1</sup> Zhappar K.<sup>1</sup>, Aldabergenkyzy L.<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>Turan University, Almaty, Kazakhstan*

### *Abstract*

The given work enables to define value of the book in cultural space. Here from the scientific point of view becoming and development of the book in a history of culture is considered, his research on to a basis is given.

Leaning on proceedings of foreign and Kazakhstan scientists the authors proves, that occurrence and development of a publishing house originates since the most ancient times. Alongside with it the history of book publishing is considered as a history of culture.

The overall objective of the given work, called to lift culture of the Kazakh book publishing - to bring in the feasible contribution to business of a raising of national spirit and patriotism, truthfully to propagandize achievements of our independent Republic in cultural and social branches, to lift culture of bibliography.

The culture of the Kazakh book, finally, is a culture of the nation, the keeper of this culture, the founder of national mentality, the founder of human advantage and a social basis of his life. She acquaints the population with products of authors, brings up everyone in spirit of national consciousness, creates bases culturologists, directs development of culture to a world civilization.

**Key words:** book culture, book philosophy, book content, national spirit, national value, craftsmanship, entrepreneurship.

**Кіріспе.** Кітап мәдениетінің көркемдігі біртұтас бітім құрайтын қасиетке ие. Ол әртүрлі мәдениет негізінде оқырманның ахуалына кешенді әсер етуге, оларды тұтастықта ұғынуға мүмкіндік беріп дамуына қолайлы жағдай туғызады. Кітапты көркемдеу мәдениетінің қалыптасуы – сезім, ақыл-ой сияқты психикалық әрекеттердің бірлігінің даму үрдісі болғандықтан, ол оқырманның тек сезіміне, көңіл-күйіне ғана емес, сонымен бірге мәдени-танымдық дамуына да орасан зор ықпал етеді.

Кітап мәдениетінің көркемдік құндылықтарын ашуға бейімділік пен қабілеттілік мәдени ақпараттарды дұрыс және айқын аңғарып, саналы өңдеу әрекетіне тікелей байланысты. Яғни кітаптың көркемдегіш құралдарына мәдени талғамдық-бағалаушылық көзқарастың дамуына байланысты.

Кітап мәдениетін қабылдау – тек кітаптың мазмұнын қабылдау емес, оқырманның мәдениетке қатысының негізінде сезімдік қабылдау жатады. Ал сезім мен көңіл-күй арқылы кітап оқырманның санасымен қатынасқа енеді, сөйтіп оның санасында белгілі бір ой мен әсерді оятады. Кітап мәдениетін қабылдаудың дамуы саналылықпен тікелей байланысты. Демек, мәдениеттің әртүрлі байланысын қолдану арқылы бұл үрдісті күшейте түсуге болады. Эстетикалық сезім - сезім атаулының ең жоғарғы түрі болғандықтан, ол мәдениетті кітаптың мазмұнын, оның көркемдегіш құралдарын талдау арқылы және сол кітапқа қатысты материалдар мен оқырманның әсерін, ықпалын айқындайды. Олар міндетті түрде саналы қатынаспен байланысты жүреді. Сондықтан кітапты көркемдеу мәдениетін көрсете білу маңызды және табиғи үйлесімді болуы қажет.

**Нәтиже:** Кітап мәдениетінің сипатын қарастырғанда бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар. Бұлардың арасында ең түбегейлісі – мәдени әрекет. Әрекеттану – жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп әдетті, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау

нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады.

Ал мәдени орта ұғымы мәдениеттің коммуникациялық (қатынастық) табиғатымен тығыз байланысты. Мәдени орта заттық-материалдық, әлеуметтік ұйымдар мен ұжымдардан, рухани қызмет орындарынан тұрады. Оларға техника мен құрал-жабдықтардың даму деңгейіі тұрмыстық мәдени дәрежесі, адамдардың білімділігі, кәсіптік шеберлігі, рухани мәдениетті сақтау және насихаттау ұйымдары (мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар және т.б.) жатады.

Мәдениет құндылықтарын игеру үшін екі негізгі жол бар. Оның біріншісі – адам өзінің ішкі дүниелерін байыту үшін мәдениеттің рухани-адамгершілік мәнін толық игеру, ал екіншісі – рухани құндылықтардың “ең бастылары” дегенді игеру, яғни адамзат жазған барлық рухани байлықты игермегенмен, соған ұмтылу керек екен.

Кітап мәдениетінің биік деңгейде болуы кітап авторы үшін аса қажетті сапа. Тілі тартымды, ойға қонымды, сапалы болғанда ғана оқырманның мәдениетіне дұрыс қызмет ете алады”. Кітап мәдениетінде адамның мәдени бейнесін қалыптастыру да аса ықпалды, оның өмір құбылысын тану әдісі де нақты мәдени сипатқа ие болады. Кітап мәдениетін қабылдау нақты әлемді рухани-мәдени игеру. Ал мәдени-рухани игерудің бөлшектері мыналарды құрайды:

Мәдени әсер – мәдени бейнелер мен түсініктердің есте қалуы, олардың бағалануы және санада бекітілуі.

Мәдени талғам – оқырманның мәдениетіне және мәдени-эстетикалық әсеріне негізделген жүйе.

Мәдени идеал – кітаптағы көркем үйлесімдіктер мен болмыстағы және мәдениеттегі жетілгендік, идеал мәдени-эстетикалық талғам таңдауындағы ең жақсы эстетикалық талғамдарды сұрыптау арқылы қалыптасады. Мәдени идеал болмысқа сәйкес келе бермейді, кітаптағы ең жақсы тұстарын әсірелеп көрсетеді.

Кітап көркемдеушінің мәдени-эстетикалық толғанысы – мәдениет мен сананың бірлігінен тұрады. Ол үшін кітап мәдениетін тану тәжірибесіне байыппен сүйену қажет. Сөйтіп кітаппен мәдениет арқылы ұлтты және бүкіладамзаттық мәдени-құндылықты басымдыққа жеткізуге болады.

Қазақ халқы кітапты да, мәдениетті де қашан да жоғары бағалаған, мәдениеттілік – адамзаттың ақыл-ойының төменнен бастап биік шыңына дейін қамтитын ұғым деп қараса, кітапты оқырманның бойына өзі қалаған мәдени қасиеттерді егу үшін, оның мәдениетіне мақсат көздеп, үнемі ықпал етіп отыру деп түсінген. Кітаптың мәдени күші - әр адамның пайымына, ойына, ғылымды ұғынуына, өнерді түсінуіне, жақсы менен жаман қылықты айыра білуіне көмектесетін ұлы күш. Ол күшке шын берілу керек, сонда ғана әрбір адам санасынан орын алады. Адамның мәдени талабы неғұрлым биік болса, оның қабілеті де, таланты да соғұрлым өмірлі болмақ. Шын мәдениетті адам болудың бірден-бір жолы кітап арқылы өзіңнен бұрынғы буыннан дұрыс тәрбие алып, өнегелі үлгі көру.

Кітап – қарым-қатынастың құдіретті құралы болғандықтан, адамның мәдениетін байытып, өрісін кеңейтіп, табиғаттың күшін өзіне қызмет еткізеді. Мәдениеті мол кітаптың әр бетін оқығанда әлемнің ақылды адамдарымен пікірлескендей ккүй кешуге болады. Адамгершілігі мол мәдениетті адамдардың қайсысы болсын, кітапқа құмар жандар. Орыс ғалымы Н.И.Пирогов “жақсы кітап – жақсы қоғам тәрізді. Сен қай кітаптарды оқығаныңды айтшы, мен сенің кім екеніңді айтып берейін” - деп бекер айтпаған секілді. Сондықтан да, “кітап - өмір ұстазы. Жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес” - деген еді қазақ әртісі Серке Қожамқұлов. Шындығында, әр халықтың мәдени көрінісі жақсы мәдениетті кітап санымен анықталары анық.

Ақылды, мәдениетті жазылған кітап әрбір адамның тағдырында кездескен қандай кедергіні болсын жеңуіне көмектеседі. Кітапты мәдениетпен ұштастырмайынша болашақ

қоғамның мұратын ұғыну қиын, мәдениетсіз білім де, тірлік те, еңбек те заман талап етіп отырған сатыға шыға алмасы белгілі. Ал кітаптан мәдениет үйренем деген адамның ақылы айқын, ерік-жігері мол, мақсаты маңызды болмақ. Сондықтан адамның кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін ең алдымен кітап мәдениеті керек. Кітап мәдениетін игерген әрбір ғалымның еңбегі міндетті түрде құндылығымен, ғылымдағы үдерісімен ерекшеленеді.

Мәдениетке де, ғылымға да бақылау, салыстыру, зерттеу сияқты қасиеттер ортақ. Ғылыми ойда да мәдениеттің элементі болады. Мысалы, ғылым ешқашан толастап, тоқырап, таусылып қалмайды. Ғылымдағы әрбір маңызды табыс жаңа мәдениет тудырады. Яғни, ғылыми мәдениет шығармашылық үрдістің озық биігі, шыңы. Ғылымның жолы да мәдениеттен табылады. Ғылымды зерттейтіндерге кітап пен мәдениет таптырмайтын құрал. “... ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр” - деп кезінде М.Әуезов те айтқан болатын. Кітап мәдениетін талдай берсек олардың өзара байланысы, ортақ мақсаттарын тауысып айту мүмкін емес. Өткенін қастерлеп, бүгінгісін керегіне жарата білу – келешегі бар өркениетті елдің үлесіне ғана тиегін белгілі жағдай. Тілі, діні, тарихы, әдет-ғұрпы бір-біріне ұқсамайтын алыс елді жақындастыратын, әр құрлықтағы адамдарды бір-бірімен тілдестіретін кітаптың адамзат өміріне алатын орны өте зор.

Әр халықтың тарихында, рухани өмірінде, мәдениетінде әріден келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа таралып отырған мұра, қымбат қазына бар. Бұл байлық жекенің меншігіндегі, бірен-саранның, азшылықтың иелігіндегі дегдарларға ғана тән дүние емес, ол бәріне ортақ, оған бәрі де ие бола алады, онда әркімнің де үлесі бар. Дін де, өнер де, діл де, философия да, әдебиет те, көзқараста содан бастау алады. Бұл әркімге ауадай қажет рухани азық. Ал бізге бұл рухани азық – кітап арқылы беріледі. Кітап арқылы бойымызға сіңеді. Кітап – адам өмірінің негізі, адамзат мәдениетінің жүйеленген жиынтығы.

Бүгінде адамзат мәдениетінің дамуына барынша үлес қосып келе жатқан кітаптың пайда болуы адамзат тарихындағы мәдени-саяси оқиға болды. Алғашқы кезде қазақ кітабы Қазақстан жерінде пайда болған кезеңде өте тез тарағандығын, қолдан-қолға тимей үйдің құнды, киелі заты болып саналғандығын да білеміз. Бүгіндері сол ескі кітаптардың бізге жеткендерінің саны өте аз. Олардың кейбірін ғана қаламыздағы республикалық кітап музейінен де кездестіруге болады. Жалпы, сол кезде кітапты жазу, басу өте қиын әрі дамымаған өнер түрі болатын. Осы себептен де дәл өз мағынасында, өз тәсілінде дайындалған кітаптардың қатары өте сирек дей отырсақ та, сол кездері қазақ кітабы да елеулі орындарды иеленіп отырған. Кешегі өткен бұлдыр заманның буылдыр желегін өз шығармашылығында көрсетіп, сонымен қатар, жаңа заман болашағына өз туындылары арқылы қадам басқан жазушыларымыз да аз емес.

Мәдени жаңарулар негізінде жүріп жатқан қоғамымыздағы өзгерістер кітап мәдениетін ізгілендіру мәселесін барған сайын қажетсінуде. Осы орайда алдымен адам мәдениетін қалыптастыруда кітаптың маңызы арта түсуде. Кітап адам жанының адамгершілік сапасына елеулі әсер етуге қабілетті, сондықтан да кітап арқылы мәдениеттендіру өмір құбылыстарын сезу, түсіну, бағалау қабілеттерін дамытуды мақсатты жүзеге асыруға қызмет етеді. Кітапты оқырманның қабылдау қабілетіне, әсеріне қарай қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Кітаптың осындай рухани мәдениет көзі ретіндегі қасиетіне қарай, яғни қай халықтың болмасын рухани көзі, құнды мұрасы саналғандықтан ЮНЕСКО 1995 жылы кітап күнін әлем деңгейінде атап өту жөнінде шешім қабылдаған болатын. Сонымен, қоғамның рухани сауығыуы үшін адам өмірінің баға жетпес байлығы кітаптардың маңызы зор.

Шындап келгенде, нағыз өркениеттілік зор игілікке жеткен инабатты да, зайырлы қоғаммен, сол қоғамның рухани қазынасы – ұлттық кітаптың құндылығымен өлшенуге тиіс. Рухани қазынамыз саналатын кітап потенциалды мәдениетті құрайды, ал потенциалды мәдениет дегеніміз – сол халық жасаған мәдениеттің қаймағы, сол елдің рухани тірегі,

Қазақтың баспа кітабы да оқырман қолына түскенде өте ыңғайлы, жоғары сапалы, өлшемі мен параметрі адамның жас ерекшелігіне ықшамдалып жасалса, оқырманның да мәдени та-

лабын ескергендік болар еді. Сондықтан, суретші кітаптың ұлттық құрылымына баса назар аударуы керек. Мұндағы құрылым дегеніміз болашақ қазақ кітабының негізгі материалдық-физикалық өлшем бірлікте жинақталған қаңқасы. Ендеше, осы құрылымды құрастырушы суретші мен дизайнердің бүгінгі безендірудегі жұмыстары ауқымды, қызметінің жүгі ауыр.

**Талқылау.** Қазіргі кезде де кітап өнерін бейнелеу өнерінсіз, әдебиетсіз елестету қиын. Бұл өнердің кітап көрінісінде бір-бірімен байланысы оқырманның кітапқа деген белсенділігінің, танымдық қызығушылығының дамуына, ақыл-ой өрісінің кеңеюіне, көркемдік-теориялық ұмтылыстарының танылуына, дүниетанымдарының қалыптасуына оң ықпал етеді.

Бір жағынан, ұлттық көркемдеуіш құралдарымыз көп болғанымен олардың мағыналық сипаты қазақ кітап беттерінде тарылып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Сондықтан, қазақ кітап мәдениетінің қыр-сырын ұғатын, әрі қарай жалғастыратын шоқтығы биік болашақ маман иелерін даярлау кітап бен мәдениет үшін абзал болары хақ.

Кітап мәдениетін көрсетуші оқырманның жүрегін бірден жаулап алам деп ойласа, ондай ойы ешқашан қолма-қол жүзеге аса салмайды, ол уақыт өте келе білінбей жүреді. Кітап өнеріндегі мәдени ықпал белгілі бір мазмұндағы көркем бейне мен оқырманның рухани дүниесі арасында жүретін күрделі үрдіс болғандықтан, кітаптың мазмұнын алдымен өзінің ішкі дүниесінің мазмұнымен байланыстырса құба-құп.

Қазіргі кезде біздің кітап дизайнерлеріміз нақтылы объектіні өзі санасындағы эстетикалық көзқарасына байланысты өзгертуге көңіл қойды. Дегенмен, біздің ұлтымызға сай үйлесімділіктің өзіндік заңдылықтары бар. Әрбір ою-өрнек, нақышта тұтастылық пен бірлік, масштабтылық пен гармония, әсемдік пен саналылық уақыт талаптары мен функционалдық қолданыстарына сай шешімін табуы тиіс. “Бейнелеу өнерінде дәстүрлі өнердің канондық, тұрақты заңдылықтары бұзылғанмен халықтық өнердің керемет динамикалы ішкі энергиясы, үндестігі, философиялы ой-тәжірибесі реалистік өнер үшін де маңызды”.

XX ғасыр қазақтың баспа кітаптарына да өз жаңалығымен келді. Кітап қалың көпшілікке арналғандықтан, оның безендірілу мәнінде де мәнер өзгерді, сыртқы мұқабаны әспеттеуге көбірек көңіл бөлінетін болды, сөзді нақты бейнеге айналдыру өнері туды. Баспахана мүмкіншіліктерінің артқаны сондай, шығарма идеясының мазмұнын жеткізетіндей қандай түрлі-түсті сурет салынса да, оны қайталап, айнытпай қағазға түсіруге полиграфия тілі әбден жетеді. Оны баспаханың көркемдік-техникалық тілі десеңіз де сиымды. Суретшінің дара қолтаңбасын сол қалпында жеткізуге жағдай бар. Кітап безендіруде шығармашылыққа кең өріс ашылды. Фотосурет, коллаж түрлері жиі қолданылып, кітап графикасында безендіру ісін бүгінгі заман талабындағы техникада жүзеге асыратын маман - кітап дизайнерінің суретші екеуі бірлескен шығармашылық еңбегі тиімді пайдаланылуда. Кітап графикасы – қызық та қиын өнер болғандықтан, кітап безендіру сырт қарағанда соншама көп еңбекті қажетсінетін болып көрінуі мүмкін. Дегенмен, шығарманың ұлттық идеясын ашып, ойына ой, көркіне көрік қосып ажарландырып оқырманға ұсыну үшін суретшінің де ұлттық мәдениеттен хабары болуы шарт.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарық қыспағында баспа саласындағы суретшілердің абдырап қалғаны белгілі. Осы шақ мамандығына жан-тәнімен берілген өз кәсібін риясыз сүйетін жандардың қиындыққа төтеп бере алатындығын дәлелдеді. Соның айғақты көрінісі деп Қазақстанның кітап графика-суретшілері қоғамдық бірлестігінің құрылғандығын айта аламыз. Аталмыш бірлестіктің директоры белгілі қылқалам шебері, суретші Байкенова Шайзада Мұхамеджанқызымен жүздескенде: “Алғашқы кездері әрине кітап суретшілерінің барлығы дерлік нарық қыспағына түсіп, ыдырап, қиналып кеткені рас. “Кітапқа суретшілер керек емес, компьютерден дайын суреттерді ала саламыз” деп бізді баспалардан шығара бастады. (Бірақ бұл ойдың дұрыс еместігіне кейін көз жеткізді). Сол кезде ұлттық кітапқа, дарынды суретшілерімізге жаным ашып осы бірлестікті құрған едім” – деді. Бұл бірлестіктің негізгі міндеті – кітапқа қатысы бар халықаралық, республикалық көрмелерге, шараларға қатысып,

оларды ұйымдастырып, қазақ кітабын безендірушілердің, график-суретшілердің шеберлігін көрсетіп, еліміздің баспаларынан жарық көріп жатқан жақсы кітаптарды халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатыстырып көрсете білу. Бірлестіктің еткен еңбектері еш кетіп жатқан жоқ.

Қазіргі уақытта Қазақстан иллюстрациясы шетелдік баспа графикасы суретшілерінің еңбектерінен артық бағаланып, кітап безендіруге біздің суретшілермен келісім-шартқа отыруға сұраныс артып отыр.

Қандай баспадан шыққан кітап болса да ол - ұжымдық еңбектің жемісі. Біздің де ұлттық кітаптарымыздың өндірісіндегі бірден-бір қажет тұлға, мәдениетіміздің сипатын көрсететін тұлға - суретші. Сапалы, талғаммен көркем безендірілген кітапты жақсы суретшінің еңбегінсіз елестету мүмкін емес. Кітаптың көркемделуі суретшінің ой-қуаты арқылы жүзеге асады.

Республика баспагерлерінің кітап шығару игілігінде жылдар бойы жинаған азды-көпті тәжірбиесімен, қатар, ұйымдастырушылық, шығармашылық бағыт-бағдарды айқындауда жол берген қайсібір кемшіліктерді қайта құру құбылысы басталғанға дейін де кей кездері айттылып та, жазылып келгендігі көпшілікке аян. “Халықтың рухани өміріне қызмет ететін мәдениеттің өзі тарихтың соқпақ-сүрлеуін шиырлаған кездері аз болмаған”. Міне, тек осы тұрғыдан ғана кітап басылымы мәдениетін көтерудің пісіп-жетілген небір келелі мәселелері кім-кімді де толғандырмай қала алмайтыны белгілі. Бұл мәселелер тек баспагерлерге ғана қатысты емес, бәрімізге жалпы ізгі ниетті, парасатты, зиялы қауымға бағышталар азаматтық, патриоттық белсенділігіне сын болатын нәрсе.

Шеберлік пен кәсіпкерлік басты критерий болып есептелетін шығармалардың тақырыптары түсінікті, оқиғалы сюжет әдеби тілмен баяндалып, композициялық құрылымы логикалы тәртіпке бағынатын мұндай туындылардың рационалды сипатын айтуымыз керек. Дегенмен рационалды сана мен кәсіби машықтылықтың натурализмге, тіпті реализмге де қызмет етпейтін кезі болады. Суретші өзінің кәсіптік шеберлігін пайдалана отырып, рационалды ақыл-ойға бағынған абстракциялы композициялар жасау мүмкін. Мұндай жағдайда формаға күні бұрын рәмізді сипат беріліп, ол жүйелі композициялық құрылымдарымен ерекшеленсе, оның түсінілу бағытын, ой желісін суретші не сыншы форманың өрбу ағымына байланысты оңай баяндап бере алады. Мәдениеттегі сабақтастық рухани құндылықтардың тасымалдануымен, үнемі жана тарихи жағдайларда ұрпақтардың қоғамдық сапасында жаңғырып, өзектеліп әлеуметтеніп отыруымен байланысты.

Безендірілу және иллюстрациялау жүйесіндегі шекке жеткен суретшінің мазмұнды, мәтінді дұрыстап құрап, оны орындауға мәдениеттің қарым-қатынасын эстетикалық нәтиже туындайды, әрі ол басты мәтіннің мазмұнын құрап, оның мәнін өзіндік деңгейде ашылуына факторларға бағытталуына себепкер болады.

Редактордың, суретші-конструктордың көлем шегінде жеткен эстетикалық нәтижесі басты мәтіннің бүтін мазмұнын құрауға, айқындауға негізделген қызметі аралығындағы бірлік, қарым-қатынас және өзге де жүйені құраушы факторларға бағытталуы.

**Қорытынды.** Сонымен бірге редактор-баспагерді кітапты оқырманның оқуына қолайлы жағдай туғызуы көбірек ойландыру керек. Кітап мәдениетінің мәні кеңірек, ол тек кітаптың пішінін белгілеу ғана емес, оның мазмұнымен жұмыс істеу қажет. Кітап мәдениеті оның техникалық сапасымен де айқындалуы керек. Кітап мәдениеті оны басып шығарудағы құрылымдық және көркемдік безендірудің экономикалық тұрғыда өзін-өзі ақтайтындығын белгілемейді, тек болжайды. Кітапты безендіру өнерінде дизайнердің “айналасына, қоршаған ортасына, қоғамға, басқалармен қарым-қатынасына, өзіндік көзқарасына, дүниетанымдық түсінігіне, сезіміне, қарқынына, сол кездегі эмоциялық жағдайына, өзіндік табиғи болмысына, интеллектуальды және мәдени деңгейіне, дарындылығына тағы басқа өз басының тұтас интеллектуальды-мағыналы және эмоциональды-психологиялық табиғи-эмприкалық болмысына байланысты кеңістік композиция мен уақыт ырғағын сомдау ерекшелігімен және

оған өзінің шығармашылық қатынасымен, стилімен, жазу мәнерімен, бейнелеуші және айқындаушы құрал-тәсілдерді пайдалану ерекшелігімен айқындалады”. Бұған философиялық көзқарасты, мәдени түйсіну мен бағалауды да қосуға болады. Түйсіну үшін жазу керек.

Ал абстрактілі кітаптың моделі, яғни қазіргі кітаптың мәдениеті – кітап басылымындағы ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай және қазіргі қоғамның рухани сұранысын қанағаттандыра алатын сапа нәтижесінің әсемдік заңдылығы бойынша интегративті өлшемге айналуы сипатында.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Елеуқенов Ш.Р. *Кітаптану негіздері*. – Алматы: Санат, 1997. – 176 б.
2. Байжігітов Б. *Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері*. – Алматы: Өлке, 1998. – 191 б.
3. Есім Ф.Е. *Философиялық пайымдар // Қазақ әдебиеті*. – 1997. – 22 шілде.
4. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. *Мәдениеттану*. – Алматы: Раритет, 2002. – 408 б.
5. Сүбханбердина Ү. *Кітап жолы – арман жолы*. – Алматы, 2001. – 405 б.
6. Сәрсенбаев А. *Кітап: тәуелсіздік пен демократия тұғыры*. – Алматы: Атамұра, 1998. – 160 б.
7. Сатеришинов Б.М. *Қазақстан мәдениетінің тарихы мен теориясының кейбір мәселелері*. – Алматы, 2021. – 160 б.
8. Межуев В.М. *Феномен книги и национальное в культуре*. – М., 2020. – 148 с.
9. Райков Г.П. *Дизайн книги*. – М.: Радуга, 1988. – 222 с.
10. Құл–Мұхаммед М. *Кітап – руханият қайнары // Қазақ әдебиеті*. – 2022. – 12 сәуір.

*References:*

1. Elewkenov Ş.R. *Kitaptanu negizderi*. – Almatı: Sanat, 1997. – 176 b.
2. Bayjigitov B. *Beynelew öneriniñ filosofiyalıq мәseleleri*. – Almatı: Ölke, 1998. – 191 b.
3. Esim Ğ.E. *Filosofiyalıq payımdar // Qazaq ädebieti*. – 1997. – 22 şilde.
4. Ğabıtov T., Mütälipov J., Qulsarıeva A. *Mädeniëttanw*. – Almatı: Raritet, 2002. – 408 b.
5. Sübханberdina Ü. *Kitap jolı – arman jolı*. – Almatı, 2001. – 405 b.
6. Särsenbaev A. *Kitap: täwelsizdik pen demokratiya tuğırı*. – Almatı: Atamura, 1998. – 160 b.
7. Saterşinov B.M. *Qazaqstan mädeniëtininiñ tarixı men teoriyasınıñ keybir мәseleleri*. – Almatı, 2001. – 160 b.
8. Mejwev V.M. *Fenomen knigi i nacionalnoe v kwltwre*. – M., 2000. – 148 s.
9. Raykov G.P. *Dizayn knigi*. – M.: Radwga, 1988. – 222 s.
10. Qul–Muxammed M. *Kitap – ruhaniyat qaynarı // Qazaq ädebieti*. – 2002. – 12 säwir.